

## **Мәртөк ауданы Хазірет ауылдық округінің Хазірет және Жездібай ауылдарының кейбір көшелерін қайта атау туралы**

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Хазірет ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 29 наурыздағы № 2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 сәуірде № 27431 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Хазірет ауылдық округінің Хазірет және Жездібай ауылдары халқының пікірін ескере отырып және Ақтөбе облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 26 наурыздағы № 1 қорытындысы негізінде,  
**ШЕШТІМ:**

1. Хазірет ауылдық округі Хазірет ауылының келесі көшелері:

- 1) "Жастар" көшесін – "Абылай хан" көшесіне;
- 2) "Ленин" көшесін – "Әлия Молдағұлова" көшесіне;
- 3) "Почтовая" көшесін – "Шығанақ Берсиев" көшесіне;
- 4) "Советская" көшесін – "Нұрғиса Тілендиев" көшесіне;
- 5) "Украинская" көшесін - "Салық Зиманов" көшесіне;
- 6) "Абая" көшесін - "Абай" көшесіне қайта аталсын.

2. Хазірет ауылдық округі Жездібай ауылының келесі көшесі:

- 1) "Жангелдин" көшесін - "Роза Бағланова" көшесіне қайта аталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Хазірет ауылдық  
округінің әкімі*

*А. Бекетов*